

**КЕНЖЕҒАЛИ САҒАДИЕВ
АТЫНДАҒЫ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БИЗНЕС
УНИВЕРСИТЕТІ**



**УНИВЕРСИТЕТ
МЕЖДУНАРОДНОГО БИЗНЕСА
ИМЕНИ КЕНЖЕҒАЛИ
САҒАДИЕВА**

**Кенжеғали Сағадиев атындағы
ХБУ-дың Ғылыми Кеңесімен
БЕКІТІЛДІ
06.09.24 жылғы №1 хаттама
Төраға А.М. Махметова**

**КРЕДИТТІК ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ БОЙЫНША ОҚУ
ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ**

ҚАҒИДАЛАРЫ

**«КЕНЖЕҒАЛИ САҒАДИЕВ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БИЗНЕС
УНИВЕРСИТЕТІ» ЖШС**

10 БАСЫЛЫМ

Қол қойған күннен бастап қолданысқа енгізілді

Алматы, 2024

МАЗМҰНЫ

Құжат паспорты	3
Келісім парағы	4
1. Қолдану саласы.....	5
2. Нормативті сілтемелер	5
3. Негізгі терминдер мен олардың анықтамасы	6
4. Жалпы ережелер	8
5. КОТ бойынша оқу процесін ұйымдастырудың негізгі міндеттері.....	8
6. Кредиттік оқыту технологиясының ерекшеліктері	11
7. ХБУ-да КОТ бойынша оқу процесін ұйымдастыру тәртібі	9
8. КОТ бойынша оқыту процесі	11
9. Академиялық ұтқырлықты, сондай-ақ білім алушылардың халықаралық кредиттік ұтқырлығын ұйымдастыру	14
10. Қос дипломды білім беру бағдарламаларын және бірлескен білім беру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру тәртібі	15
<i>1-қосымша</i>	17
<i>2-қосымша</i>	17

Құжат паспорты

Құжат түрі	Қағидалар
Құжат атауы	Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары.
Құжат мақсаты	Осы ереже «Халықаралық бизнес университеті» ЖШС - да Кредиттік оқыту технологиясы (бұдан әрі – КОТ) бойынша оқу процесін ұйымдастыру тәртібін айқындайды.
Әзірлеу	Академиялық мәселелер департаментінің директоры СҚО Project менеджері
Келісу	Бағыттар бойынша проректорлар БЭБ деканы СҚО жетекшісі АМД директоры Graduate School of Business директоры Заң кеңесшісі
Бекіту	ХБУ бірінші жетекшісі
Құжатты орындаушылар	Кафедра меңгерушілері, ПОҚ
Орындауды бақылау	ХБУ бірінші жетекшісі
Ескерту	Жоқ
Нормативті сілтемелер	1) Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңы (<i>өзгертулер және толықтырулармен</i>); 2) ҚР Білім және ғылым министрінің 20.04.2011 жылғы № 152 бұйрығымен бекітілген Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары (<i>өзгертулер және толықтырулармен</i>). 3) Жоғары білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. – Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы
Түпнұсқа иесі	СҚО

Келісім парағы

Ереже келісілді:

Цифрландыру бойынша проректор
Н. Жақсылық _____

«___» _____ 2024 ж.

Әлеуметтік даму бойынша проректор:
Б.Р. Кулов _____

«___» _____ 2024 ж.

Базалық Жоғары Білім беру факультетінің деканы
Г.А. Садыров _____

«___» _____ 2024 ж.

Сапаны қамтамасыз ету орталығының басшысы
К.Т. Кабдесов _____

«___» _____ 2024 ж.

АМД директоры
Садыкова Ж.Е. _____

«___» _____ 2024 г.

Graduate School of Business директоры
М.А. Каликов _____

«___» _____ 2024 ж.

ЗҚД директоры
А.К. Алибекова _____

«___» _____ 2024 ж.

Әзірленді:

СҚО Project менеджері
Р.М. Дузбаева _____

«___» _____ 2024 ж.

1. Қолдану саласы

1.1 Осы кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының (бұдан әрі – Заң) 5-бабының 25) тармақшасына сәйкес әзірленді және «Кенжеғали Сағадиев атындағы Халықаралық бизнес университеті» ЖШС-де Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін (бұдан әрі – КОТ) ұйымдастыру тәртібін айқындайды (бұдан әрі – ХБУ немесе Университет).

2. Нормативті сілтемелер

Осы Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларында келесі сілтемелер қолданылған:

2.1 Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-ІІІ «Білім туралы» Заңы *(өзгертулер және толықтырулармен)*

2.2 Жоғары білімнің Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. - Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы *(өзгертулер және толықтырулармен)*.

2.1 Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығымен бекітілген *(өзгертулер және толықтырулармен)*.

2.2 «Мемлекеттік үлгідегі білім туралы құжаттардың түрлері мен нысандарын және оларды беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 39 бұйрығы *(өзгерістермен және толықтырулармен)*.

2.3 «Дәрежелер беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 127 бұйрығы *(өзгертулер және толықтырулармен)*.

2.4 «Білім алуды аяқтамаған адамдарға берілетін анықтама нысанын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 12 маусымдағы № 289 бұйрығы.

3. Негізгі терминдер мен олардың анықтамалары

№	Термин	Анықтамасы
1	Академиялық еркіндік	білім алушылардың, оқытушылардың шығармашылық дамуы үшін жағдай жасау және оқытудың инновациялық технологиялары мен әдістерін қолдану мақсатында таңдау компонентінің пәндері, оқытудың қосымша түрлері және білім беру қызметін ұйымдастыру бойынша білім беру мазмұнын дербес анықтау үшін оларға берілетін білім беру процесі субъектілерінің өкілеттіктерінің жиынтығы.
2	Академиялық кезең (Term) (терм)	білім беру ұйымы үш нысанның бірінде дербес белгілейтін теориялық оқыту кезеңі: семестр, триместр, тоқсан.
3	Академический кредит	білім алушының және (немесе) оқытушының ғылыми және (немесе) оқу жұмысының (жүктемесінің) көлемін өлшеудің бірыңғай бірлігі.
4	Академиялық күнтізбе (Academic Calendar) (академик календарь)	оқу жылы ішінде демалыс күндерін (демалыс және мереке күндерін) көрсете отырып, оқу және бақылау іс-шараларын, кәсіптік практикаларды өткізу күнтізбесі.
5	Академиялық сағат	оқу сабақтарының немесе оқу жұмысының басқа түрлерінің көлемін өлшеу бірлігі, 1 академиялық сағат 50 минутқа тең (әскери арнаулы оқу орындарында (бұдан әрі – ЭАОО) 1 академиялық сағат кемінде 40 минутқа тең), академиялық күнтізбені (оқу процесінің кестесін), оқу сабақтарының кестесін жасау кезінде, өткен оқу материалын жоспарлау және есепке алу кезінде пайдаланылады.
6	Академиялық ұтқырлық	білім алушыларды немесе оқытушыларды белгілі бір академиялық кезеңге (семестрге немесе оқу жылына) оқыту немесе зерттеу жүргізу үшін меңгерілген оқу бағдарламаларын, пәндерді өзінің ЖЖОКБҰ-да академиялық кредиттер түрінде міндетті түрде қайта есептей отырып немесе басқа ЖЖОКБҰ-да оқуын жалғастыру үшін басқа ЖЖОКБҰ-ға (ел ішінде немесе шетелде) ауыстыру.
7	Белсенді үлестірімелі материалдар (АРМ) (Hand-outs) (ханд-оутс)	білім алушыны тақырыпты шығармашылық тұрғыдан табысты игеруге ынталандыру үшін оқу сабақтарында берілетін көрнекі иллюстрациялық материалдар (дәрістердің тезистері, сілтемелер, слайдтар, мысалдар, глоссарий, өз бетінше жұмыс істеуге арналған тапсырмалар);
8	Білім алушылардың оқудағы жетістіктері	білім алушылардың оқу процесінде алған және жеке тұлғаның меңгерген даму деңгейін көрсететін білімі, іскерліктері, дағдылары мен құзыреттері.
9	Білім алушылардың қорытынды аттестациясы (Qualification Examination)	тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес білім беру бағдарламасында көзделген оқу пәндерінің және (немесе) модульдердің және оқу қызметінің өзге де түрлерінің көлемін игеру дәрежесін айқындау мақсатында жүргізілетін рәсім.
10	Білім алушының академиялық рейтингі (Rating)	аралық аттестаттау нәтижелері бойынша жасалатын білім алушылардың пәндердің және (немесе) модульдердің және оқу қызметінің өзге де түрлерінің оқу бағдарламасын меңгеру

	<i>(ретинг)</i>	деңгейінің сандық көрсеткіші.
11	<i>Студенттің өзіндік жұмысы (бұдан әрі – СӨЖ)</i>	дербес оқуға бөлінген, оқу-әдістемелік әдебиеттермен және ұсынымдармен қамтамасыз етілген тақырыптардың белгілі бір тізбесі бойынша жұмыс; білім алушылардың санатына қарай ол студенттің өзіндік жұмысына (бұдан әрі – СӨЖ), магистранттың өзіндік жұмысына (бұдан әрі – МӨЖ) және докторанттың өзіндік жұмысына (бұдан әрі – ДӨЖ) бөлінеді; БАӨЖ-ның барлық көлемі тапсырмалармен, білім алушыдан күнделікті өзіндік жұмысты талап етеді.
12	<i>Қос дипломды білім беру</i>	екі тең диплом немесе бір негізгі және екінші қосымша диплом алу мақсатында екі білім беру бағдарламасы мен оқу жоспары бойынша оқыту мүмкіндігі.
13	<i>Еуропалық трансферт (аударым) және несие жинақтау жүйесі (ECTS)</i>	студенттің шетелде алған кредиттерін өз білім беру ұйымына оралғаннан кейін олардың дәреже алуы үшін есептелетін кредиттерге аудару, сондай-ақ білім беру бағдарламалары шеңберінде кредиттерді жинақтау тәсілі.
14	<i>Жеке оқу жоспары</i>	білім беру бағдарламасы (үлгілік және жұмыс оқу жоспары негізінде ТЖКБ ұйымдары үшін) және элективті пәндер және (немесе) модульдер каталогы негізінде эдвайзердің көмегімен білім алушылардың әрбір оқу жылына дербес қалыптастырылатын оқу жоспары.
15	<i>Кредиттік ұтқырлық</i>	академиялық кредиттерді жинақтау мақсатында (ұтқырлық кезеңінен кейін студенттер оқуды аяқтау үшін өздерінің білім беру ұйымдарына оралады) білім алушыларды шетелде оқудың немесе тағылымдаманың шектеулі кезеңіне – өзінің ЖЖОКБҰ-да үздіксіз оқу шеңберінде ауыстыру
16	<i>Қосымша білім беру бағдарламасы (Minor) (минор)</i>	қосымша құзыреттерді қалыптастыру мақсатында білім алушылар зерделеу үшін айқындаған пәндердің және (немесе) модульдердің және оқу жұмысының басқа түрлерінің жиынтығы.
17	<i>Модуль</i>	оқу нәтижелері тұрғысынан аяқталған білім беру бағдарламасының білім алушылардың нақты тұжырымдалған білімі, іскерлігі, дағдылары, құзыреттілігі және барабар бағалау критерийлері бар дербес құрылымдық элементі.
18	<i>Модульді білім беру</i>	білім беру бағдарламасын, оқу жоспарын және оқу пәндерін модульдік құру негізінде оқу процесін ұйымдастыру тәсілі.
19	<i>Негізгі білім беру бағдарламасы (Major) (мажор)</i>	негізгі құзыреттерді қалыптастыру мақсатында білім алушыларға оқу үшін анықталған білім беру бағдарламасы.
20	<i>Оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі</i>	халықаралық тәжірибеде қабылданған цифрлық баламасы бар әріптік жүйеге сәйкес келетін және білім алушылардың рейтингін белгілеуге мүмкіндік беретін оқу жетістіктерінің деңгейін балдық бағалау жүйесі.
21	<i>Оқу пәніне жазылу (Enrollment) (енролмент)</i>	білім алушыларды оқу пәндеріне тіркеу рәсімі.

22	<i>Кредиттік оқыту технологиясы</i>	академиялық кредиттерді жинақтай отырып, білім алушылардың пәндерді және (немесе) модульдерді зерделеу реттілігін таңдау және дербес жоспарлау негізінде оқыту.
23	<i>Білім алушының оқытушының басшылығымен өзіндік жұмысы (бұдан әрі – СОӨЖ)</i>	ЖЖОКБҰ немесе оқытушының өзі айқындайтын жеке кесте бойынша жүргізілетін оқытушының басшылығымен білім алушының жұмысы; білім алушылардың санатына қарай ол мыналарға бөлінеді: оқытушының басшылығымен студенттің өзіндік жұмысы (бұдан әрі – СОӨЖ), оқытушының басшылығымен магистранттың өзіндік жұмысы (бұдан әрі – МОӨЖ) және оқытушының басшылығымен докторанттың өзіндік жұмысы (бұдан әрі – ДОӨЖ).
24	<i>Постреквизиттер (Postrequisite) (постреквизит)</i>	Постреквизиттер (Postrequisite) (постреквизит) – оларды зерделеу үшін осы пәнді немесе модульді аяқтағаннан кейін алынған білім, білік, дағдылар мен құзыреттер талап етілетін пәндер және (немесе) модульдер және оқу жұмысының басқа да түрлері.
25	<i>Пререквизиттер (Prerequisite) (пререквизит)</i>	Пререквизиттер (Prerequisite) (пререквизит) – оқытылатын пәнді және (немесе) модульдерді игеру үшін қажетті білімді, іскерлікті, дағдылар мен құзыреттерді қамтитын пәндер және (немесе) модульдер және оқу жұмысының басқа да түрлері.
26	<i>Қос диплом бағдарламалары</i>	серіктестер-жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру бағдарламаларын салыстыруға және синхрондауға негізделген және бағдарламаның мақсаттары мен мазмұнын айқындау, оқу процесін ұйымдастыру, берілетін дәрежелер немесе берілетін біліктіліктер сияқты мәселелер бойынша ХБУ және серіктес жоғары оқу орындарының ортақ міндеттемелерді қабылдауымен сипатталатын бағдарламалар.
27	<i>Транскрипт (Transcript) (транскрипт)</i>	кредиттер мен бағаларды көрсете отырып, тиісті оқу кезеңінде меңгерілген пәндердің және (немесе) модульдердің және оқу жұмысының басқа да түрлерінің тізбесін қамтитын құжат.
28	<i>Тьютор</i>	нақты пәнді және (немесе) модульді меңгеру бойынша студенттің академиялық кеңесшісі ретінде әрекет ететін оқытушы.
29	<i>Үлгерімнің орташа баллы (Grade Point Average - GPA)</i>	таңдалған бағдарлама бойынша белгілі бір кезеңдегі білім алушының оқу жетістіктерінің деңгейін орташа есептелген бағасы (оқу жұмысының барлық түрлері бойынша қорытынды бағалау балдарының сандық баламасына кредиттер туындылары сомасының осы оқу кезеңіндегі жұмыстың осы түрлері бойынша кредиттердің жалпы санына қатынасы).
30	<i>Эдвайзер (Advisor)</i>	тиісті білім беру бағдарламасы бойынша білім алушының академиялық тәлімгері қызметін атқаратын, оқыту траекториясын таңдауға (жеке оқу жоспарын қалыптастыруға) және оқу кезеңінде білім беру бағдарламасын меңгеруге жәрдемдесетін оқытушы.
31	<i>Элективті пәндер</i>	белгіленген академиялық кредиттер шеңберінде ЖОО компоненті мен таңдау компонентіне кіретін және білім беру ұйымдары енгізетін, білім алушының жеке даярлығын көрсететін, нақты өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму ерекшелігін және қажеттіліктерін ескеретін, қалыптасқан ғылыми мектептер.

4. Жалпы ережелер

4.1 Осы кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру

қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының (бұдан әрі – Заң) 5-бабының 25) тармақшасына сәйкес әзірленді және ОӘБ-де Кредиттік оқыту технологиясы (бұдан әрі – КОТ) бойынша оқу процесін ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

5. КОТ бойынша оқу процесін ұйымдастырудың негізгі міндеттері

5.1 КОТ бойынша оқу процесін ұйымдастырудың негізгі міндеттері:

- 1) білім көлемін біріздендіру;
- 2) оқытуды барынша дараландыру үшін жағдайлар жасау;
- 3) білім алушылардың өзіндік жұмысының рөлі мен тиімділігін күшейту;
- 4) білім алушылардың оқу жетістіктерін оларды бақылаудың тиімді және ашық рәсімі негізінде анықтау.

6. Кредиттік оқыту технологиясының ерекшеліктері

6.1 Кредиттік оқыту технологиясы мыналарды қамтиды:

1) білім алушылар мен оқытушылардың әрбір пән және оқу жұмысының басқа түрлері бойынша еңбек шығындарын бағалау үшін академиялық кредиттер жүйесін енгізу;

2) білім алушылардың ЖБТ-ны қалыптастыруға тікелей қатысуын қамтамасыз ететін ЖБТ-ға енгізілген пәндерді және (немесе) модульдерді таңдау еркіндігі;

3) пәндерге тіркелу кезінде білім алушылардың оқытушыны таңдау еркіндігі;

4) білім алушыларға білім беру бағытын таңдауда жәрдемдесетін эдвайзерлерді оқу процесіне тарту;

5) оқытудың интерактивті әдістерін қолдану;

6) білім алушылардың білім беру бағдарламасын меңгерудегі өзіндік жұмысын жандандыру;

7) факультеттің (институттың) және кафедралардың оқу процесін ұйымдастырудағы, білім беру бағдарламаларын қалыптастырудағы академиялық еркіндігі;

8) оқу процесін ұйымдастырудағы оқытушының академиялық еркіндігі;

9) оқу процесін қажетті оқу және әдістемелік материалдармен қамтамасыз ету;

10) білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылаудың тиімді әдістері;

11) әрбір оқу пәні және оқу жұмысының басқа түрлері бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік жүйесін пайдалану.

6.2 КОТ білім алушылардың оқу нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған оқытудың жеке білім беру бағытын таңдау және өз бетінше жоспарлау негізінде жүзеге асырылады.

7. ХБУ-да КОТ бойынша оқу процесін ұйымдастыру тәртібі

7.1. Оқу жоспарлары екі формада әзірленеді:

- 1) Жеке оқу жоспары (бұдан әрі – ЖОЖ);

2) Жұмыс оқу жоспары (бұдан әрі – ЖОЖ).

7.2. Оқу жоспарлары типтік оқу жоспарлары (ТОЖ) және жұмыс оқу жоспарлары (ЖОЖ) болып бөлінеді. ТОЖ білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша тиісті мемлекеттік органның басшысымен бекітіледі. ТОЖ-да міндетті компоненттің әрбір оқу пәнінің және кредиттердегі оқу қызметінің әрбір түрінің (практика, мемлекеттік емтихандар, диплом жұмысын жазу және қорғау) еңбек сыйымдылығы айқындалады, ал оқу пәндерінің әрбір циклі бойынша ЖОО компоненті кредиттердің жалпы санымен көрсетіледі.

7.3. ХБУ әрбір ОБ бойынша элективті пәндер каталогын (бұдан әрі – ЭПК) әзірлейді. ЭПК білім алушыларға жеке білім беру траекториясын қалыптастыру үшін элективті оқу пәндерін балама таңдау мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

7.4. Білім беру бағдарламасы мен ЭПК негізінде білім алушылар эдвайзерлердің көмегімен ЖОЖ әзірлейді. ЖОЖ әрбір білім алушының жеке білім беру траекториясын жеке анықтайды. ЖОЖ-ға міндетті компоненттің (МК), ЖОО компонентінің (ЖК) және таңдау компонентінің (ТК) пәндері мен оқу қызметінің түрлері (практика, ғылыми-зерттеу/эксперименттік-зерттеу жұмысы, қорытынды аттестаттау нысандары) енгізіледі.

7.5. Техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі немесе жоғары білім базасында қысқартылған оқу мерзімі бар білім беру бағдарламаларының білім алушысы:

1) қол жеткізілген оқу нәтижелеріне, білім берудің алдыңғы деңгейінде игерілген пререквизиттерге байланысты өзінің жеке оқу жоспарын қалыптастырады, оны университет міндетті түрде қайта оқып, оның транскриптіне енгізеді;

2) қолданыстағы білім беру бағдарламасының негізінде университет дербес айқындайтын білім беру бағдарламасының жеке оқу мерзімдері мен көлемі болады.

7.6. ЭПК, ЖОЖ, ОЖЖ қалыптастыру және бекіту нысанын, тәртібін ХБУ дербес айқындайды.

7.7 Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру кезінде әрбір оқу пәнінің көлемі академиялық кредиттердің бүтін санын құрайды. Бұл ретте пән 5 академиялық кредиттен кем емес көлемде бағаланады. Пәнді 3-4 академиялық кредитпен бағалауға жол беріледі.

7.8 Әрбір оқу пәні дене шынықтыру, тілдерді қоспағанда, бір қайталанбас атаумен аталады.

7.9 Оқу пәндерінің мазмұны типтік оқу бағдарламаларымен және (немесе) жұмыс оқу бағдарламаларымен (силлабустармен) айқындалады.

7.10 Типтік оқу бағдарламалары (бұдан әрі – ТОБ) «Білім туралы» Заңның 5-бабының 5-2-тармақшасына сәйкес (өзгерістермен және толықтырулармен) бакалавриаттағы ЖББ циклінің міндетті компонентінің пәндері бойынша әзірленеді.

7.11 Оқу жұмыс бағдарламалары (силлабустар) білім беру бағдарламасының барлық пәндері бойынша әзірленеді. Оқу жұмыс

бағдарламаларының (силлабустардың) нысанын, құрылымын, әзірлеу және бекіту тәртібін Университет (ХБУ) ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес дербес айқындайды: «Модульдік білім беру бағдарламаларын әзірлеу жөніндегі нұсқаулық», «Білім алушылардың білімін бағалаудың бірыңғай жүйесі туралы ереже» және «Силлабустарды толтыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар».

7.12 ХБУ-дағы бір модульдің көлемі екі және одан да көп оқу пәндерін немесе бір және одан да көп пәндерді оқу жұмысының басқа түрлерімен ұштастыра отырып қамтиды.

7.13 Кәсіптік практикалар, қорытынды аттестаттау, магистрлік / докторлық диссертациялар (жобалар) білім беру бағдарламасының тиісті модульдеріне енгізіледі. Сонымен қатар, кәсіби тәжірибенің әр түрі әртүрлі модульдерге жатады.

7.14 Магистранттардың әртүрлі практикадан өтуі «ХБУ магистратурасындағы практика туралы Ережемен» реттеледі.

8. КОТ бойынша оқу процесі

8.1 Бір оқу жылы шеңберінде оқу процесін ұйымдастыру академиялық күнтізбе негізінде жүзеге асырылады, ол ХБУ Ғылыми Кеңесінің шешімімен бекітіледі. Академиялық күнтізбеде оқу сабақтарын, аралық және қорытынды аттестаттауды, кәсіптік практикаларды және оқу жылындағы оқу жұмысының басқа да түрлерін өткізу кезеңдері, демалыс күндері (каникулдар мен мерекелер) көрсетіледі. Соңғы оқу жылы қорытынды аттестаттау кезеңін қамтиды.

8.2 Әрбір академиялық кезең білім алушыларды аралық аттестаттау кезеңімен аяқталады.

8.3 Білім алушыларға оқу жылы ішінде кемінде 2 рет демалыс беріледі, бітіру курсы қоспағанда, жалпы ұзақтығы кемінде 7 апта болуы тиіс.

8.4 Кәсіби практика білім алушының оқу жұмысының міндетті түрі болып табылады. Кәсіби практиканың негізгі түрлері оқу, педагогикалық, өндірістік және диплом алдындағы практика болып табылады. Оқу процесін ұйымдастыру кезінде академиялық кезеңнен бөлек және академиялық кезеңмен қатар кәсіптік практиканы енгізуге жол беріледі. Кәсіби практиканың нәтижелері аралық аттестаттау қорытындыларын шығару кезінде ескеріледі. Практикалардың ұзақтығы 30 сағатқа (5 күндік жұмыс аптасында күніне 6 сағат) тең апта ішінде студенттің практикадағы нормативтік жұмыс уақытына сүйене отырып, апталармен анықталады.

8.5 Қосымша оқу қажеттіліктерін қанағаттандыру, академиялық берешекті немесе оқу жоспарларындағы айырмашылықты жою, басқа білім беру ұйымдарында білім алушылардың оқу пәндерін зерделеу және кредиттерді игеру, оларды міндетті түрде ХБУ-ға қайта есептей отырып, үлгерімнің орташа балын (GPA) арттыру, оның ішінде қос дипломды білім беру шеңберінде қосымша немесе қосарлы білім беру бағдарламасын меңгеру үшін ұзақтығы кемінде 6 апта жазғы семестрді (бітіру курсы қоспағанда) енгізуге жол беріледі.

8.6 Оқу жұмысының көлемін жоспарлау бір академиялық кредит оның барлық түрлері үшін 30 академиялық сағатқа тең екендігіне негізделеді. Оқу жұмысының барлық түрлері бойынша бір академиялық сағат 50 минутқа тең.

8.7 Бір қазақстандық академиялық кредиттің еңбек сыйымдылығы (30 академиялық сағат) 1 ECTS кредитіне (25-30 академиялық сағат) сәйкес келеді.

8.8 Кредиттік оқыту технологиясы кезінде білім алушылардың дербес жұмысы екі бөлікке бөлінеді: оқытушының басшылығымен орындалатын дербес жұмысқа (СОӨЖ) және толық дербес орындалатын бөлікке (СӨЖ – СӨЖ). СӨЖ-дің барлық көлемі білім алушыдан күнделікті өзіндік жұмысты талап ететін тапсырмалармен расталады.

8.9 Оқу қызметінің барлық түрлері бойынша білім алушының оқытушымен және СӨЖ-бен байланыс жұмысы арасындағы уақыттың арақатынасын ХБУ дербес айқындайды және ХБУ-дың Ғылыми Кеңесінің шешімімен бекітіледі. Бұл ретте аудиториялық жұмыс көлемі әрбір пән көлемінің кемінде 30% -ын құрайды.

8.9.1 Қашықтықтан оқытуды қолдана отырып пәндерді қарастыру кезінде игерілуі жаппай ашық онлайн курстарды қолдана отырып көзделетін пәндерді қоспағанда, әр пәннің жалпы көлемінің 20%-ын қашықтықтан оқытуға ауыстыру көзделеді.

8.10 Теориялық оқыту мен аралық аттестаттауды жоспарлау кредиттердің бірыңғай көлемімен жүзеге асырылады, яғни әрбір пәнге берілетін кредиттердің жалпы саны оны зерттеуді де, осы пән бойынша аралық аттестаттау нысандарын дайындауды және өтуді де қамтиды.

8.11 Әрбір оқу пәні бір академиялық кезеңде оқытылады және қорытынды бақылаумен аяқталады.

8.12 Профессор-оқытушылар құрамының педагогикалық жүктемесін жоспарлау академиялық сағаттарда және/немесе кредиттерде жүзеге асырылады. Бұл ретте аудиториялық сабақтардағы педагогикалық жүктеме 1 академиялық сағат 50 минутқа тең деген норма негізінде есептеледі. Оқу жұмысының басқа түрлері бойынша педагогикалық жүктеме ХБУ Ғылыми Кеңесінің бұйрығымен бекітілген уақыт нормалары негізінде есептеледі.

8.13 Академиялық ағымдар мен топтар осы пәнге және осы оқытушыға тіркелген білім алушылардың жеткілікті саны және олардың үлгерімінің жеткілікті деңгейіне қол жеткізу қағидаты бойынша қалыптастырылады. Академиялық ағым мен топтың толымдылығын ХБУ дербес айқындайды,

осыған сәйкес ағымдар 150 адамнан, 10-нан 30 адамға дейінгі топтар аспайды. Ерекшелік IMS болып табылады, мұнда «Денсаулық сақтау» даярлығының қолданыстағы бағытына және ББ ерекшеліктеріне сәйкес топтар келесі тәртіппен құрылады: 1 және 2 жылдық оқу үшін – 15-20 білім алушы; 3-ші және 4-ші оқу жылы – 10-12 білім алушы; 5-ші оқу жылы – 6-7 білім алушы.

8.14 Білім алушыларды оқу пәндеріне жазуды (Enrollment) ХБУ АМД ұйымдастырады. Бұл ретте студенттермен ұйымдастырушылық-әдістемелік және консультациялық жұмыстар жүргізу үшін білім алушыларды қолдау қызметтері мен эдвайзерлер тартылады.

8.15 Білім алушы ЖОО компоненті мен таңдау компоненті шеңберінде оқытудың жеке бағытын айқындау кезінде келесіні таңдайды:

- 1) негізгі білім беру бағдарламасы бойынша пәндер;
- 2) қосымша білім беру бағдарламасы бойынша пәндер.

8.16 негізгі білім беру бағдарламасы бойынша пәндерді таңдау және игеру тәртібі пререквизиттердің болуын ескере отырып жүзеге асырылады. Қосымша білім беру бағдарламасы бойынша пәндерді таңдау және игеру тәртібі сабақтас немесе бейіндік ББ бойынша қосымша құзыреттер алу үшін, сондай-ақ білім алушының жеке қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жүзеге асырылады.

8.17 Қосымша білім беру бағдарламасы бойынша тандалатын пәндердің көлемін ХБУ бекітетін оқу пәндерін бөлу кестесі негізінде белгілейді. Бұл ретте қосымша ББ пәндерін білім алушылар ЖК және ТК пәндері шеңберінде зерделейді және олардың көлемі негізгі ББ бойынша тиісті дәреже беру немесе біліктілік беру үшін қажетті академиялық кредиттердің жалпы көлеміне кіреді.

8.19 Оқу пәндеріне жазылу барысында білім алушылар өздерінің ЖОЖ қалыптастырады. Бұл ретте олар:

1. Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережелерімен танысады;
2. оқу пәндеріне тіркеудің және ЖОЖ-ға өзгерістер енгізудің белгіленген мерзімдерін сақтайды;
3. игерілген пререквизиттерді ескере отырып, пәндерге жазылады.

8.20 Білім алушылардың оқу жетістіктері (білімдері, іскерліктері, дағдылары мен құзыреттері) халықаралық тәжірибеде қабылданған цифрлық баламасы бар әріптік жүйеге сәйкес келетін 100-баллдық шкала бойынша баллдармен (2-қосымша) (оң бағалар, кемуіне қарай, «А»-дан «D»-ға дейін және «қанағаттанарлықсыз» - «FX», «F»,) және дәстүрлі жүйе бойынша бағалаумен бағаланады. «FX» белгісіне сәйкес келетін «қанағаттанарлықсыз» баға алған жағдайда білім алушының оқу пәні/модуль бағдарламасын қайта өтпей-ақ қорытынды бақылауды қайта тапсыруға мүмкіндігі бар. «F» белгісіне сәйкес келетін «қанағаттанарлықсыз» баға алған жағдайда білім алушы осы оқу пәніне/модульге қайта жазылады, оқу сабақтарының барлық түрлеріне

қатысады, бағдарламаға сәйкес оқу жұмысының барлық түрлерін орындайды және қорытынды бақылауды қайта тапсырады.

8.21 Білім беру бағдарламасын іске асыру сапасын арттыру және білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың объективтілігін қамтамасыз ету мақсатында оқыту және қорытынды бақылау процестері бөлінеді. Білім алушыларды аралық және қорытынды аттестаттауды ХБУ-дың АМД цифрлық трансформация департаментімен, деканаттармен және кафедралармен бірлесіп ұйымдастырады.

8.22 Кеңсе тіркеушісі осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес студенттер топтарында өтпелі деңгейден жоғары абсолютті бағалардың нақты пайыздық үлестірілуін көрсететін бағалау кестесіне сәйкес білім алушыларды аралық аттестаттау нәтижелеріне тұрақты мониторинг жүргізеді және оларды талдайды.

8.23 Білім алушыға оқу пәндері (модульдері) және оқу жұмысының өзге де түрлері бойынша, сондай-ақ ББ оқуын аяқтағаннан кейін академиялық кредиттер беру тұтастай алғанда ол қол жеткізген оқу нәтижелерін оң бағалау кезінде жүзеге асырылады.

8.24 Оқытудың алдыңғы деңгейлерінде және басқа да ресми білім беру ұйымдарында білім алушыларға қол жеткізілген оқу нәтижелері мен оң бағалар академиялық кредиттерді қайта есептей отырып, ХБУ-мен анықталады.

8.25 Ауысу, қайта қабылдау кезінде қол жеткізілген оқу нәтижелері, білім алушының оң бағалары академиялық кредиттерді бір ББ-дан екіншісіне, бір білім беру ұйымынан екінші білім беру ұйымына ауыстыра отырып танылады.

8.26 Білім алушылардың ресми және бейресми білім беруде алған барлық академиялық кредиттері мен қол жеткізген оқу нәтижелері өмір бойы жинақталады.

9. Академиялық ұтқырлықты, оның ішінде білім алушылардың халықаралық кредиттік ұтқырлығын ұйымдастыру

9.1 Академиялық ұтқырлықты қамтамасыз ету үшін білім алушылар басқа білім беру ұйымдарында, оның ішінде шетелде жекелеген пәндерді оқиды. Бұл ретте ХБУ мен серіктес ЖОО арасында екіжақты шарт жасалады.

9.2 Басқа білім беру ұйымдарының әртүрлі білім беру тәжірибесінен пайда алу мақсатында «Ұтқырлық ұяшықтарында» білім алушы басқа ЖЖОКБҰ-да игеретін уақыт шеңбері, оқу пәндері және кредиттер көлемі айқындалады.

9.3 Білім алушылардың академиялық ұтқырлығын ұйымдастыру тәртібі, студенттерді іріктеу ХБУ-ның «Академиялық ұтқырлық туралы ережесі» негізінде жүзеге асырылады. Бұл ретте, мемлекет деңгейінде қаржыландырылатын бағдарламалар шеңберінде академиялық ұтқырлыққа қатысу үшін жолдама шетелде оқуға жолдама беру Қағидаларына, оның ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 19 қарашадағы № 613 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасы

нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5499 ретінде тіркелген) академиялық ұтқырлық шеңберінде сәйкес жүзеге асырылады.

9.4 Халықаралық кредиттік ұтқырлыққа қатысу үшін қабылдаушы білім беру ұйымы көздеген деңгейде шет тілін білу қажет.

9.5 ұтқырлық бағдарламасы бойынша білім алушының оқуын растайтын қорытынды құжат транскрипт немесе оның баратын еліндегі соның аналогы болып табылады. Транскриптке оқу бағдарламасы туралы мәліметтер енгізіледі: пәндердің (модульдің) атаулары, бағалары, игерілген академиялық кредиттердің саны.

9.6 Академиялық ұтқырлық шеңберінде білім алушылардың толық көлемде игерген және транскриптпен расталған оқу нәтижелерін ЖЖОКБҰ міндетті түрде қайта есептейді.

10. Қос дипломды білім беру бағдарламаларын және бірлескен білім беру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру тәртібі

10.1 Қос диплом бағдарламалары-серіктес-жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының білім беру бағдарламаларының салыстырмалылығы мен үндестірілуіне негізделген және тараптардың бағдарламаның мақсаттары мен мазмұнын айқындау, оқу процесін ұйымдастыру, берілетін дәрежелер немесе берілетін біліктіліктер сияқты мәселелер бойынша ортақ міндеттемелер қабылдауымен сипатталатын бағдарламалар.

10.2 Қос дипломды білім беру бағдарламалары ХБУ-мен серіктес жоғары оқу орындары арасындағы келісім негізінде әзірленеді. Бұл ретте қос дипломды білім беру бағдарламаларын іске асырудың міндетті шарттары:

- 1) келісілген білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бекіту;
- 2) қос дипломды білім беруге енгізілген білім алушылардың жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымында-әріптес (ЖЖОКБҰ-серіктесі) білім беру бағдарламасының бөліктерін игеруі;
- 3) уағдаластықтар, сапаны қамтамасыз етудің жалпы қағидаттары мен стандарттары негізінде оқыту кезеңдері мен нәтижелерін міндетті түрде тану және автоматты түрде қайта есептеу;
- 4) оқытушылардың қос дипломды білім беруге қатысуы, білім беру бағдарламасын бірлесіп әзірлеу, оқыту, жалпы қабылдау және аттестаттау комиссияларына қатысу;

5) қос дипломды білім беру бағдарламаларын толық меңгерген білім алушыларға әрбір жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының әріптес дәрежесі не уағдаластықтар негізінде бір бірлескен дәреже беріледі.

10.3 білім алушыны қос дипломды білім беру бағдарламасына енгізу оның өтініші негізінде және ЖЖОКБҰ-серіктеспен жасалған келісімге (Шартқа) сәйкес жүзеге асырылады. Білім алушы ЖЖОКБҰ-серіктеске қабылдау рәсімінен өтеді.

10.4 Қос дипломды білім беру бағдарламасына енгізілген шетелдік білім алушылар «енгізілген білім» деген ерекше белгісі бар және оқу кезеңін, мерзімін, пәндер санын және игерілетін кредиттер көлемін көрсете отырып, білім алушылардың жалпы контингентіне қабылдаудың ұқсас рәсімдерінен өтеді.

10.5 Білім алушының жеке оқу жоспары оқу пәндерінің тізбесін, олардың еңбек сыйымдылығын (кредиттер мен сағаттарда), семестрлер бойынша бөлуді, олар игерілетін жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары – серіктестерді, қайта есептеу тәртібін қамтиды.

10.6 Қос дипломды білім берудің оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарын және ЖЖОКБҰ-серіктес талаптарын ескереді. Екі тараптың білім беру бағдарламалары пәндерінің тізбесі білім алушының жеке оқу жоспарын жасау кезінде ескеріледі. Сондай-ақ білім алушы тәжірибенің барлық түрлерінен және қорытынды аттестаттаудан толық көлемде өтеді.

10.7 Қос дипломды білім беру бағдарламалары бойынша оқыту кезінде қашықтықтан оқыту жолымен оқытудың әртүрлі технологияларын пайдалануға болады.

10.8 Әрбір оқу жылының соңында ЖЖОКБҰ-бағдарламаның тиісті модулін іске асыратын серіктес білім алушыға транскрипт береді.

10.9 Оқу аяқталғаннан кейін және бағдарламалардың әрқайсысы бойынша барлық талаптарды орындағаннан кейін білім алушыға академиялық дәреже беру туралы белгіленген үлгідегі екі диплом және уағдаластықтар негізінде екі транскрипт не бір бірлескен диплом беріледі.

1-қосымша

Басшылыққа арналған бағалауды бөлу кестесі

ЖЖОКБҰ-да қолданылатын бағалар (максимумнан минималды оң бағаға дейін)	Референттік топта қойылған оң бағалар саны	Оң бағалардың жалпы санына қатысты әрбір бағаның пайызы	Оң бағалардың жиынтық пайызы
10	50	5%	5%
9	100	10%	15%
8	350	35%	50%
7	300	30%	80%
6	200	20%	100%
Итого	1000	100%	-

2-қосымша

Төрт балдық жүйе бойынша цифрлық баламаға сәйкес келетін білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың әріптік жүйесі

Әріптік жүйе бойынша бағалау	Баллдың цифрлық эквиваленті	Пайыздық құрамы	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D	1,0	50-54	
FX	0,5	25-49	Қанағаттанарлықсыз
F	0	0-24	